

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің**  
**Қоғамдық кеңесі отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
ZOOM

№ 11

2024 жылғы 30 желтоқсан  
сағат 11.00

**Төрағалық етті:** А.Ж. Бикебаев

**Қатысқандар:** *тізім бойынша*

**1. Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офис қызметінің мәселелері**

---

**1.1.** Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаменті директорының Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офис (*бұдан әрі - Офис*) қызметінің мәселелері туралы ақпараты назарға алсын.

**1.2.** Қоғамдық кеңес мүшелері М.И. Дурманованың, И.Г. Абсалямұлының, А.Ж. Бикебаевтің, В.Н. Микрюковтың, Т.А. Одиловтың, Н.В. Радостовтың, А.К. Жалкеевтің түсіндірулерін ескере отырып, Агенттікке мыналар ұсынылды:

1) жекешелендіру туралы жаңа заң әзірлеуге бастамашылық жасау (*сауда-саттыққа шығарылатын объектілерге кеңінен жарнама жүргізу, жарияланған күннен бастап сауда-саттық күніне дейін ұзақ мерзім белгілеу, баға аукционын өткізуді немесе жекешелендірудің негізгі тәсілдері ретінде акцияларды қор нарығына орналастыруды бекіту міндетін енгізу*);

2) әрбір жекешелендіру объектісі бойынша (*оның ішінде жеке заң шеңберінде*) жекешелендірудің барлық шешімдері мен құжаттарына цифрландыру жүйесі арқылы ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету;

3) жекешелендірілген объектілер бойынша міндеттемелердің орындалуын мониторингтеу жүйесін, міндеттемелер орындалмаған жағдайда (*оның ішінде жекелеген заң шеңберінде*) оларды кері жекешелендіру жөніндегі шешімдерді қабылдаудың нақты алгоритмін, әдіснамасын және қағидаттарын көздейтін нормативтік құқықтық (*институционалдық*) базаны әзірлеуді қамтамасыз ету;

4) көрсетілген Кодекс қабылданғанға дейін құрылған ұйымдар бойынша жекешелендіру жүргізуге кедергі келтіретін Кәсіпкерлік кодекстің 192-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын алып тастауды қамтамасыз ету;

5) Экономиканы монополиясыздандыру бағдарламасын әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Президенті бекітуі, ол бірінші кезекте «Самұрық-Қазына» АҚ-ға қатысты болады, кейіннен әрбір секторда бәсекелестік құрылымдар құру мақсатында жеке секторға олардың активтерін сату жолымен монополиялардың қызметін ірілендіреді;

6) мемлекеттік сектор компаниялары мен операторлардың функцияларын оны Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның талқылауына шығару арқылы оларды кейіннен бәсекелес ортаға берудің орындылығы тұрғысынан талдау.

7) Офис қызметі шеңберінде қалыптастырылған Жұмыс тобының отырыстарына Агенттіктің Қоғамдық кеңесінің өкілдерін шақыру.

**1.3.** Пікір алмасуды ескере отырып, осы мәселені қайта қарауға шығару (2025 жылғы 1-тоқсанда) туралы шешім қабылданды.

**Төраға**



**А. Бикебаев**